



A different view of Kazakhstan by a foreigner



6 БЕТТЕ

Казахстан глазами иностранца. Другой взгляд

ОСЫ САННАН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

**ЖЕҢІСТІ
ЖАҚЫНДАТ-
ҚАНДАР**



5 БЕТ

**ҚАЗ ҚОНҒАН
МЕКЕННІҢ
ҚҰПИЯСЫ**



10 БЕТ

**ВЕЧНЫЙ ЗОВ
АЯСТАНА**



12 БЕТ



Арын Өрсариев,
С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры с.ғ.д.

**Құрметті студенттер,
оқытушылар мен қызметкерлер!**

Қойнауы тарихқа толы, есте қалар талай оқиғалар мен жетістіктердің куәсі болған, дүйім жұртты елең еткізген жаңалықтармен қуантқан еліміздегі білім ордаларының бірі де бірегейі – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қара шаңырағында сіздермен қауышқанымға алғысым шексіз!

Павлодар мемлекеттік университетінің республикадағы көпсалалы жоғары оқу орындары арасынан үздік бестікке енгені білім-ғылым, тәрбие үрдісінің сапалылығына бағытталған ынта-жігерлеріңіздің, қажырлы еңбектеріңіздің, жұмсалған уақыт пен назарларыңыздың арқасы деп білемін. Сіздерге оқу ордамыздың биік шыңдардан көрінуіне еткен еңбектеріңізге өзімнің шынайы ризашылығымды жеткіземін.

Бүгінгі таңда біз үздіктер қатарында болсақ та, бізге әлі де көп еңбек ету керек. Еңбегіміздің басты бағыты ретінде университетімізде жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарын облысымыздағы белгілі бір кәсіпорындардың сұраныстарына қарай бағыттағанымыз жөн. Өнеркәсіп салаларының басым бағыттары бойынша білім-ғылым ықпалдастығын негізге ала отырып, оқу ордамыз әлемдік көшбасшы ғылыми орталықтармен тең дәрежеде зерттеу жұмыстарына қатысуы қажет. Зерттеу жұмыстарына профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттердің санын арттырғанымыз дұрыс. Сондықтан профессорлық-оқытушылар құрамы және студенттер кабинеттерде емес, ғылыми конференцияларда, жұмыс беруші мен сарапшылармен кездесулерде, кітапханаларда жұмыс жасағаны абзал.

Одан бөлек оқу үрдісі аясында әр студенттің жеке даму жоспары әзірленіп, ағылшын тіліндегі оқытудың үлесі артылғаны абзал. Осы бағытта білім берудің заманауи амал-тәсілдері кеңінен қолданылғаны құп болар еді. Университетіміз жаңадан ашылып жатқан Халықаралық академияның, Аймақтық технопарктың экологиялық технологияның құзырлы орталығы секілді жобаларына қатысып, халықаралық рейтингте лайықты орын алатынына сенемін. Осының барлығы баршамыздың бірлесе атқарған еңбегіміз, өңіріміздің және еліміздің дамуына қосқан қомақты үлесіміз болмақ.

Әлеуметтік-тәрбиелік үрдісі аясында облыстың қоғамдық өміріне де белсене атсалысқан жөн. Басты қадамдардың бірі, алдымызда мемлекеттік тілге көңіл бөлініп, жастарымызды отансүйгіштікке барынша тәрбиелеу мұраты тұр. Студенттерді спортқа, КВН ойындарына көптеп тарту және дебаттық, айтыс өнерлерін дамытуға баса назар аудару қажет.

Құрметті оқытушылар мен студенттер! Біздің алдымызда міне осындай биік мақсаттар мен міндеттер тұр. Алдағы уақытта бәріміз бір ұжым болып көздеген істерімізді жүзеге асырамыз деп санаймын. Сіздермен үлкен табыстарға жетіп, білім ордамызды жоғары дәрежеге жеткіземіз деген ниеттемін. Баршаларыңызға еңбектеріңізге табыс пен шығармашылық тілеймін!

ҒАЛЫМ ОЙЫ

Пікір

Өрлеу – өміріміздің мәні

Астана қаласында ел азаматтарының 2015 жылғы президенттік сайлау жайындағы бастамасын қолдаған Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшелері «Әлемдік экономикалық дағдарыстың белең алған және халықаралық қарым-қатынастың қиындаған жағдайында, президентті сайлау жайлы жалпыхалықтық бастама уақыт талабы. Сондықтан «Мемлекетіміздің жаһандық дағдарыстан сәтті өтуі үшін Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа жалпыұлттық сенім мандатын беру керек», – деген ойлар айтылды.

Толықтай Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің өтінішін қолдаймын. Сайлау бізге өте қажет. Бұл халықтың Президентпен бірге тығыз жұмыла түсуіне және өршіл жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Менің айтқанымды мен және басқа да павлодарлықтар қызмет атқаратын С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттері қолдайтынына сенімдімін.

Жұмабек Омаров, т.ғ.к., қауымд. профессор, Павлодар облысы әкімдігі маңындағы аймақтық инновациялық жүйе бойынша Кеңесі мүшесі.

СӘТБАЕВТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ШАРА

2015 жылдың 10 сәуірінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде жас ғалымдардың, студенттер мен мектеп оқушыларының «XV Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы өтті.

Конференцияның салтанатты ашылуы С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың алдындағы Естелік аллеясында орнатылған Қаныш Сәтбаев мүсініне гүл шоқтарын қою рәсімінен басталады.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, с.ғ.д. Әрсариев

Арын Амангелдіұлы бұл конференция еліміз бен шетелден келген жас ғалымдардың басын біріктірген шараға айналғанын атап өтті. «Ал өңіріміздегі білімнің қара шаңырағы – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашанда дарынды да білгір, зияткер де қабілетті жастарды әрдайым қолдауға дайын. Бұл конференцияны жас ғалымдар асыға күтеді. Себебі «Сәтбаев оқулары» конференциясы талай жас ғалымдарға үлкен ғылымға сәтті қадам жасауына себепкер болып отыр», – деп конференция жайлы өз пікірін білдірді.

XV Сәтбаев оқулары халықаралық ғылыми конференциясының жинағына жариялану мақсатында Қазақстанның түкпір-түкпірінен яғни, Астана, Алматы, Ақтөбе, Арқалық, Семей, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай,

Рудный, Қызылорда, Орал, Шымкент, Петропавл, сонымен қатар жақын шетелдерден Барнаул, Чита, Томск, Омбы, Челябинск, Минск, Новосібір, Санкт-Пе-



тербор қалаларынан 1593 ғылыми мақалалар келіп түсті. Конференцияға жіберілген 1593 ғылыми мақалалар 22 жинақтарда басылып шықты.

Конференцияның секциялық жұмысы 15 бағыт бойынша өтеді. Конференцияға келген жас ғалымдардың көбісі халықаралық дәрежедегі ғылыми шараға алғаш



рет қатысып отыр. Жалпы, жылдар бойы конференция жұмысы жас қатысушылардың ғылыми өсуі үрдісін көтеруде, бұл шара ғылым саласындағы жетістіктерді одан әрі дамытудың алаңы болып табылады. Конференцияның өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәні, жас ғалымдардың ғылымның әртүрлі салаларына қызығушылық танытуына және олардың ғылыми тәжірибе алмасу арқылы рухани өсуіне жол ашуда маңызы зор.

Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, атақты жерлесіміз Қаныш Сәтбаевтың құрметіне арналған Халықаралық Сәтбаев оқулары облысымызда 2000 жылдан бері өтіп келеді.

В ПГУ ПРОШЛА ВЫСТАВКА, ПОСВЯЩЕННАЯ 70-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ В ВОВ



В фойе главного корпуса Павлодарского государственного университета имени С.Торайғырова состоялась документальная выставка, посвященная 70-летию победы в Великой Отечественной войне.

Выставка была организована Архивом Президента РК (г. Алматы) совместно с музейным комплексом университета. Представлено 200 единиц цветных копий документов.

На торжественной церемонии открытия присутствующих поприветствовал проректор по стратегии развития, воспитательной и социальной работе Павлодарского государственного университета им. С. Торайғырова, д.полит.н., профессор Арман Акишев.

На выставку пригласили ветеранов Великой Отечественной войны. Столкнувшись со всеми тяготами войны пришлось супругам Виктору Кудинову и Евдокии Перепелкиной.

«Было очень тяжело. Вспоминать конечно страшно, когда сто грамм хлеба делили на четверых. Больше ничего не было. Голод был. Мне кажется, что человек способен все выдержать, лишь бы у него было чистое сердце и стремление в жизни», – вспоминает Евдокия Перепелкина.

Куратор выставки – руководитель Управления организации использования документов Архива Президента РК Болеген Касенов подчеркивает, что на выставке в ПГУ имени С.Торайғырова впервые выставлены телеграммы Сталина и Молотова о создании партизанских отрядов, а также продемонстрированы документы и письма, свидетельствующие о мужестве казахстанских солдат, ушедших на фронт с разных уголков нашей республики.

На выставке из пяти разделов представлены копии уникальных материалов, отражающие историю эвакуированных в республику промышленных предприятий, научных и культурных учреждений СССР, панфиловской дивизии, плакатная продукция, фронтовые письма.

Также научной библиотекой имени С.Бейсембаева была организована книжная выставка об истории Великой Отечественной войны.

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасы жоғары оқу орны студенттері арасында «Физика» мамандығы бойынша VII Республикалық пәндік олимпиада өтті.

Олимпиадаға еліміздің 9 жоғары мектептерінен жас физиктер командалары қатысты. Олар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Қожа Ахмет Ясауи халықаралық қазақ-түрік университеті, Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.

Физиктер командасының мүшелері Никита Лемешенко, Асхад Артықбаев және Арыстан Ергібаев олимпиаданың теориялық кезеңінде күрделі физикалық тапсырмаларды шешуде жоғары нәтижелер көрсетіп, көзге түсті.

Бұл олимпиадада Павлодар мемлекеттік университетінің физика және аспап жасау кафедрасының доценті ф-м.ғ.к. Талғат Досанов бастаған физик-студенттер командасы жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болып, айқын жеңістерін сақтап қалады.

Жалпыкомандалық есепте Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті және Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік



университеті командалары қанжығасына екінші орынды байлап кетті.

Жеке есеп бойынша С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті Арыстан Ергібаев олимпиаданың бас жүлдесін жеңіп алды. Сондай-ақ, үшінші орын университет командасының мүшесі Асхад Артықбаевқа бұйырды.

Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы, ф.-м.ғ.к., профессор Нұрлыбек Испулов өз сөзінде Павлодар мемлекеттік университетінің қашанда білім додаларының ұйытқысы болып келгенін атап өтті. «С.Торайғыров атындағы ПМУ еліміздегі көпсалалы жоғары оқу орындары арасында көшбасшы екенін атап өткім келеді. Университеттің физик-математиктері осал емес. Біздің студенттер қашанда республикалық, халықаралық сайыстардан қанжығасын бос алып келмеген. Сол себепті де С.Торайғыров атындағы ПМУ еліміздегі жоғары мектептердің студенттері арасындағы физика-математика пәні бойынша кіл мықтылардың білім додасын өткізді», – деді Нұрлыбек Айдарғалиұлы.

В ПГУ ОТКРЫЛАСЬ ШКОЛА МОЛОДЫХ ЖУРНАЛИСТОВ

Клуб главных редакторов Павлодарской области, областная организация Союза журналистов Казахстана и ректорат, кафедра журналистики ПГУ имени С. Торайғырова договорились о совместном осуществлении образовательного проекта «Школа молодого журналиста».

По словам председателя клуба главных редакторов, к.э.н., доцента кафедры экономики Павлодарского госуниверситета Мухита Омара, основной целью создания школы является помощь будущим журналистам, студентам кафедры, а также уже работающим молодым журналистам в освоении необходимых профессиональных навыков, необходимых в профессии и практической работе. «Школа совместно составляет учебно-практическую программу образовательного проекта, привлекает в качестве преподавателей наиболее авторитетных журналистов печатных, электронных и других СМИ».

В рамках школы ведущие журналисты берутся совместно организовывать проведение мастер-классов, тренингов, творческих встреч и других форм, прежде всего, практической учебы на базе университета, а также в местных СМИ.

Свою искреннюю благодарность руководству вуза и кафедре журналистики за постоянную поддержку и отклик выразил председатель Павлодарской областной организации Союза журналистов Казахстана Юрий Поминов. «Давайте вместе будем работать над тем, чтобы этот проект был реализован, и чтобы мы и наши коллеги вспоминали он нем добрым словом», –

сказал Юрий Дмитриевич. По традиции Юрий Дмитриевич передал библиотеке и кафедре журналистики ПГУ имени С. Торайғырова экзemplяры недавно вышедшей книги под названием «Что пройдет, то будет мило».

Заведующий кафедрой журналистики, доктор исторических наук, профессор Крымбай Алдабергенов особо подчеркнул, что со стороны кафедры будет оказана всесторонняя поддержка, а по окончании школы всем слушателям будут вручены сертификаты.

В своем выступлении руководитель пресс-службы акима области Аскар Джалинов сказал, что давно

хотел посетить ПГУ имени С. Торайғырова, посмотреть на подрастающее поколение журналистов. «Это большое счастье, что в Павлодаре есть своя мощная школа журналистики и собственная кафедра. Хотелось бы добавить, что не в каждом регионе наблюдается такая информационная активность. У нас порядка пятидесяти активных СМИ и больше ста журналистов, которые ежедневно трудятся на информационной площадке области, республики и освещают жизнь региона».

Обращаясь к студентам, он также подчеркнул: «Учитывая сегодняшние вызовы, вы являетесь теми, кто находится на «передовой», вы



солдаты сегодняшнего времени. Вы должны понимать, как работать в условиях информационной войны, как с ней справляться и участвовать в ней. Здесь очень много вопросов. И если вы выбрали профессию журналиста делом своей жизни, вам необходимо их обсуждать, вписы-

вать все лучшее», – сказал Аскар Муратович.

По тематике вопросов было понятно, что современных и будущих журналистов живо интересует все, что происходит в стране: от политики до вопросов сохранения культуры русского и казахского языков.

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапханасында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың құрметіне арналған «Вдохновение» клубының отырысы өтті.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова (1925-1944) – мерген, Ұлы Отан соғысы жылдарында 2-ші Балтық маңы фронтының 22-ші әскерінің 54-ші жеке атқыштар бригадасында әскери қызмет атқарған.

Кеңес Одағының Батыры атағы Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 жылдың 4 маусымында қайсар батыр қыз дүниеден озған соң берілді. Сонымен қатар Ленин орденімен де марапатталды. Оның есімімен Алматы қаласында көше аталады және оған арналып әндер, кітаптар мен фильмдер жарыққа шықты.

«Әлия Молдағұлова өзі хаттарында есімін Лия деп жазған. Жас бойжеткен кейінгі ұрпаққа патриотизм мен ерліктің үлгісі болады.

Мен үшін ол халқымыздың көзсіз ерлігінің символы», – дейді Павлодар университетінің агротехнологиялық факультетінің студенті Гүлжан Ешимова.

– Соғыс жайлы сөз еткенде, жерлестерімізді еске алмау мүмкін емес, – дейді көркем әдебиет секторы және Қазақстан халқы кітапханасының кітапханашысы Елена Лиханова. – Майдан даласына 46 мыңнан астам павлодарлықтар аттанып, Сталинградтан Берлинге дейін майдан жолымен жүріп өтті. Соғыс жылдарында 22 мыңға жуық павлодарлықтар қаза тауып, іс-түссіз жоғалып кетті. Кеңес Одағының батырлары И. Кривенко, К. Каирбаев, И. Скляр, И. Ле-довский, С. Маковский және т.б. жерлестерімізді мақтан тұтамыз.

Сонымен қатар отырыста «Война ушедшая в поэзию» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Өнер додасында оған «Орыс филологиясы» кафедрасының студенттері: Гаухар Мұса, Наталья Косенкова, Әйгерім Козкина, Татьяна Дорошенколар қатысты.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТАТУЛЫҚТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Қазақ хандығының 550 жылдығына және Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына орай Қазақ тілі пәнінен студенттер арасында университетішілік олимпиада өтті.

Олимпиадаға түрлі мамандық бойынша білім алып жатқан он бес өзге ұлт өкілдерінің студенттері қатысты. Шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған С.Торайғыров атындағы ПМУ «Қазақ тілі» кафедрасы мен студенттер кәсіподақ ұйымы.

Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор Айман Зейнулинаның айтуынша, олимпиада мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметінің маңызы мен қажеттілігін таныту мақсатында және ұлттық құндылықтарымыздың ең негізгі мәні ретінде жылда дәстүрлі түрде университетімізде өткізіліп отырады. «Олимпиада мақсаты – жастардың қазақ тілін қандай деңгейде меңгеретінін сараптау, олардың қазақ тілі мен қазақ өнеріне деген құрметтерін насихаттау», – дейді Айман Файзоллақызы.

Сайыс үш кезең бойынша өтті: I тур – мазмұндама, II тур – сұхбат, III тур – өнер сайысы. Бірінші кезеңде қатысушы өзі таңдаған тақырыптардың біріне монолог дайындады. Екінші турда қатысушылар белгіленген тақырыптар аясында белгілі бір жағдаят бойынша диалог құрасырды. Биылғы беріліп отырған та-

қырыптар еліміздің айтулы мекелеріне байланысты, атап айтсақ, «Қазақ хандығына – 550 жыл», «Ұлы Жеңіске – 70 жыл», «ЭКСПО көрмесінің тарихы», «Салт-дәстүр, әдет-ғұрып – ұлт құндылығы», «Өнер алды – қызыл тіл», т.б. сияқты монолог тақырыпшалары ұсынылды. Қатысушылар прозалық немесе поэзиялық шығармалардан үзінді оқыды, ән айтып, би биледі және драмалық көрініс көрсетті.

Олимпиада қорытындысы бойынша үшінші орынға ЕТЖБ-102 тобының студенті Ажар Садовская және Мех-102 тобының студенті Наталья Киреева ие болды. Екінші орынды Б-102 тобының студенті Наталья Дремова еншіледі. Ал бірінші орынды ХТОВ-202 тобының студенті Михаил Крикунов жеңіп алды.

Жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табыс өтті. Ал сайысқа қатысқан басқа қатысушыларға номинациялар бойынша мадақтаулар мен алғыс хаттар табыс-талды. Бірінші орынды жеңіп алған Михаил Крикунов: «Сайыс өте тарысты өтті. Әрқайсымыз қазақ тілін жақсы меңгергенімізді көрсетуге тырыстық. Менің ойымша, Қазақстан азаматы болған соң, қазақ тілін білу – біздің міндетіміз. Сол себепті мен барша қазақстандықтарды мемлекеттік тілді жетік меңгеруге шақырамын», – деп өз ойын білдірді.

СТУДЕНТТЕР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Биотехнология», «География» және «Қазақ филологиясы», «Журналистика» мамандығы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы республикалық пәндік олимпиададан жеңіспен оралды.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің намысын бұл сайыста агротехнологиялық факультеттің студенттері Виктория Даева, Анастасия Джиева және Дамир Теміров қорғады. Екінші тур бойынша С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттері жалпы командалық есепте үшінші орынға ие болды.

Б.ғ.к., «Биотехнология» кафедрасының профессоры Жанна Адамжанованың мәлімдеуінше, олимпиадаға қатысқан бұл студенттер – Павлодар мемлекеттік университетінің атынан бірқатар додаларға қатысып жүрген оқуда үздік, озық ойлы студенттер. «Біздің студенттер бірінші орынды қанжығасына байлап келмесе де өздерінің шығармашылық қабілеттерін ұштады, білімдерін өсірді, әсіресе, ғылымға деген құлшыныстары арта түсті», – дейді Жанна Арынтайқызы.

Болашақ географтар Қуаныш Жақсылықов, Дияс Ораз және Сабина Абдрахманова да үшінші орынға ие болып жоғары жетістіктермен оралды.

«География» мамандығы бойынша олимпиадада п.ғ.к., қауым-

дастырылған профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ география және туризм кафедрасының меңгерушісі Динара Есімованың жетекшілігімен қатысқан студенттік команда Баянауыл мысалындағы қосымша электр қуатын қолдану турасындағы жобаларын ұсынды.

Жүлделер қоржынын С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті гуманитарлық-педагогикалық факультетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, филол. ғ.д., Нартай Жүсіпов дайындаған студенттері командасы толықтырды. Олар – Алтынай Сарсекеева, Ақмарал Елшин, Қасымхан Мухитов үшінші орынды қанжығасына байлап оралды.

Павлодар мемлекеттік университетінің намысын «Журналистика» кафедрасының студенттері Назгүл Рабилова, Мереке Амантай, Замира Солтанова қорғады.

Жас журналистер додасына журналист мамандарды даярлайтын еліміздің жоғары мектептерінің 12 оқу орнынан келген студенттер бақтарын сынады. Пәндік олимпиаданың әділқазылары алғашқы кезеңінде жас журналистердің теориялық білімін анықтады. Сайыстың екінші кезеңі «Ең үздік фото», «Ең үздік бейнесюжет», «Ең үздік ұнхабар», «Ең үздік онлайн жазба» номинациялары бойынша өрбіді. С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің жас журналистері жоғары жетістіктер көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Жас журналистердің білімі мен біліктілігіне «Егемен Қазақстан» газетінің шолушысы Айнаш Есали,



«Айтуға оңай» телебағдарламасының редакторы Жазира Исаева, фотожурналшы Асылхан Абдырайымұлы, радиожурналшы Нұртай Лаханұлы және болггер әрі SMM маман Дінмұхамед Зиядин қазылық өтті.

Байқауға қатысушылардың жетекшісі, ф.ғ.к., журналистика кафедрасының доценті Қанат Қанапияновтың айтуынша олимпиадаға қатысушылар – университеттің оқу телевидениесінде, «Білік», «SMS+» газеттерінде және студенттік «ПМУ-FM» радиосында жұмыс жасап, мол тәжірибе жинаған студенттер. «С.Торайғыров атындағы ПМУ болашақ журналистердің кәсіби өсуіне, біліктілігі мен білімін шыңдауға зор мүмкіндік жасап отыр. Міне, бұл жеңіс университет қабырғасындағы газет, радио, телевидениеде жинаған тәжірибесі мен өз ұстаздарынан алған сапалы теориялық білімінің арқасы деп білемін», – деді Қанат Нұрымұлы.

ӘЛЕМ. АДАМ. ТІЛ.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде көптілді білім беру мәселелеріне арқау болған «Әлем. Адам. Тіл» атты халықаралық лингвистикалық семинар өтті.

С.Торайғыров атындағы ПМУ бойынша секция жұмыстарын ұйымдастырушысы – Қазақ тілін жеделдетіп оқыту және көп тілді білім беру оқу-ғылыми практикалық орталығы.

Семинар «Қазіргі тіл білімі теориясы және лингвистикалық бағыттар» және «Қазақ тілі және шет ел тілдерді оқытудың лингводидактикалық аспектілері» деген тақырыптар бойынша секциялық жұмыс атқарылды.

Семинар жұмысында Донецк ұлттық университеті, Санкт-Петербург әскери институты, Кемеров мемлекеттік университеті, Волгоград мемлекеттік университеті, Удмурт мемлекеттік университеті,

С.Торайғыров атындағы ПМУ ғалымдары тіл білімі теориясы мен лингвистикалық бағыттар жөніндегі мәселелерді талқылады.

Павлодар мемлекеттік университеті бойынша секция жұмыстарын ұйымдастырушылар: п.ғ.к., Қазақ тілін жеделдетіп оқыту және көп тілді білім беру оқу-ғылыми практикалық орталығының директоры Жанарсын Капенова, модераторлар – ф.ғ.к., «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры Гүлназ Каріпжанова, ф.ғ.к., профессор, «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі Айман Зейнулина.

Семинар жұмысына ғалым-лингвистер, Павлодар қаласы мен Павлодар облысының мектеп мұғалімдері шақырылды.

Қазіргі таңдағы тіл ғылымының басты мақсаты – тілдік құбылыстардың сырын тану жолында күрделі де кешенді үрдісті дамыту. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, таным,

дін сиқты ұғымдарды тоғыстыратын ұлттық тілдің табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана танып білу жеткіліксіз. Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой-танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды.

«Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Өйткені тілді зерттеудің когнитивтік жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі», – деп өз ойын түйіндеді Гүлназ Каріпжанова.



Свои высокие достижения продемонстрировали студентки агротехнологического факультета Павлодарского госуниверситета Мадина Далабаева, Дана Жамбул, Жансая Жонкабай, завоевав почетное серебро интеллектуальных состязаний. Олимпиада проходила в Алматинском технологическом университете (г. Алматы).

Руководитель студенческой команды к.т.н., профессор кафедры «Биотехнология» Галия Кажибаева отмечает, что на олимпиаде сохранилась очень высокая конкуренция.

КОМАНДЫ ПРИЗЕРОВ

Студенты Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова стали призерами Республиканских предметных олимпиад по специальностям «Технология продовольственных продуктов» и «Право».

«Соперники у нас были серьезные, но нашим студентам удалось, например, обойти участников, которые всегда были фаворитами соревнований», – говорит Галия Тулеуева.

Член команды Жансая Жонкабай подчеркивает, что их объединяют общие качества – активная жизненная позиция и стремление к саморазвитию. «Появилось огромное желание победить в олимпиаде, доказать, что ПГУ – лучший! И нынешние итоги олимпиады дают основание надеяться, что и в следующем году наши команды выступят достойно», – сказала Ж. Жонкабай.

Стремление к новому в науке,

желание развивать самые передовые направления приводят к тому, что на кафедре биотехнологии внедряются такие научные школы, как создание функциональных продуктов питания, молекулярные биотехнологии, а также направление генной инженерии. И, по мнению заведующей кафедрой, к.с.-х.н., доцента Куралай Исаевой, у кафедры есть все, чтобы заниматься этими направлениями на современном уровне – оборудование, технологии, кадры.

Студенты из числа обучающихся факультета бизнеса и права Темирлан Ахметов, Ергали Бубаев, Никита Чайковский, Асхат Тле-

уенов, Айым Темирова достойно представили Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова на Республиканской предметной олимпиаде, проходившей в Казахском гуманитарно-юридическом университете (г.Астана). По результатам двух туров студент группы Юр-202 Асхат Тлеуенов в индивидуальном зачете занял призовое третье место.

По словам руководителя команды к.ю.н., профессора Булата Олжабаева, сначала студенты письменно выполняли задания, затем последовал «устный раунд»: участники соревнований получили проблемный вопрос, а также позицию



«за» или «против», которую необходимо было отстаивать и обосновать перед строгим жюри.

– Хочу выразить большую благодарность нашим преподавателям Вязюку Владимиру Аркадьевичу, Дубовицкой Ольге Борисовне, которые сыграли большую роль в нашей подготовке, – говорит Темирлан Ахметов. – Благодаря им мы получили уникальную возможность проверить свои знания среди других студентов-юристов и показать себя на достойном уровне.



Білім мен білікті ұштастырған

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің шежіресінде есімі мәңгі қалған, жоғары мектептің қалыптасуына аянбай еңбек еткен техника ғылымдарының кандидаты, профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ Құрметті деканы, Павлодар қаласының Құрметті азаматы, Ұлы отан соғысының тыл ардагері, білім беру ісінің Құрметті қызметкері — Қаратай Құрманов туралы сөз өрбітсек.

Университеттің бастауында

1960 жылы Павлодар индустриалды институты құрылды. Ал Қаратай Жүсіпұлының индустриалды институтындағы еңбек жолы 1964 жылы басталады. Ол білім ордадағы қызметін оқу ісі жөніндегі проректоры ретінде бастайды. Оқу ісінің білікті маманының алдында енді ғана қалыптасып жатқан оқу орнының ұйымдастырушылық жұмыстары тұрды. Кадрлардың жетіспеушілігі және материалдық-техникалық базаның әлсіздігі сынды мәселелерді шешу шаруалары оның назарынан тыс қалмады. Ол оқу орданың ғылыми-педагогикалық кадрларын іріктеу және дайындауда, оқу үрдісінің сапасын арттыруда, оқу-материалдық базасын нығайтуда талай шаруаның басын қайырды. Жас проректордың тынбай еткен еңбегі жеміс берді, жетпісінші жылдардың басында институт республикадағы үздік оқу орны ретінде танылды. Оқу жылы басталған жылы небәрі төрт жүз студент білім алса, 1970 жылы жоғары мектептің жеті мың студенті болды. Студенттерді білім нәрімен суысндатып жүрген оқытушылардың саны 440-қа жетті. Ал сол жетпісінші жылдардың басында ғылыми дәрежесі мен ата-

ғы бар оқытушылар 20 пайызға дейін өсті. Бұл сол уақыттың жоғары көрсеткіші болатын.

Асылдың сынығы

Қаратай Жүсіпұлы — үлкен ғалым. Оның университеттегі ғылымның дамуына, өңір мен ел өндірісінің өркендеуіне қосқан үлесі зор. Бір жағынан оқу орнының дамуына, білім ордасында құрылған салалық ғылыми-зерттеу зертханалары да себепші болды.

«Біз павлодарлық өндіріс орныдары үшін озық үлгідегі технологияларды жасадық және сол жұмысымызға ақы да алдық», — деп еске алады Қаратай Құрманов.

Қаратай ағаның Павлодар индустриалды институтының қалыптасуына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ол кісі — екі мәрте Қазақ КСР Жоғары Президиум Кеңесінің Құрмет мадақтамаларымен марапатталған. Сонымен қатар, оған Қазақ КСР Жоғары оқу министрлігі коллегиясының атынан «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісі, «Еңбек ардагері» медалі тапсырылды. Қаратай Жүсіпұлы Павлодар қаласының Құрметті азаматы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің құрметті деканы, тыл ардагері. Бұл марапаттар еңбектерінің табыстылығын айғақтайды.

Мектепті тәмамдап бала Қаратай теміржол көлік инженерлері институтының құрылыс факультетінің студенті атанады. Қолына инженер-құрылысшы кәсібінің дипломын алып, «Ақмола-Павлодар» теміржол құрылыс басқармасында басында құрылыс шебері, кейін басқарманың техникалық бөлімінің аға инженері қызметтерін атқарады. 1958 жылы Павлодар құрылыс техникумында басшының оқу ісі бойынша орынбасары, кейін техникумның басшысы болып тағайындалады.

Талапты жігіт Мәскеудегі В.В. Куйбышев атындағы инженерлік-құрылыс институтының жанындағы аспирантурада білімін жетілдіріп келеді. Содан соң Қаратай аға ғылым жолындағы еңбегін Павлодар индустриалды институтында бастап кетеді. Павлодар өңіріндегі білімнің қара шаңырағы атанған оқу ордада Қаратай Жүсіпұлы әлі күнге дейін жемісті еңбек етіп келеді.

Қаратай Құрманов жақында өзінің 85 жылдығын тойлады. Сексеннің сенгірінен асқан ақсақал өзінің туған оқу орнында әлі де дәріс беріп, студенттерге бағалы тәлімімен сусындатып жүр. Оның шәкірттері Қаратай Жүсіпұлынан үйренеріміз көп дейді. «Себебі, ол — инженерлік-құрылыс саласының майталманы, ғұмырлық тәжірибеге бай қазына. Алғаш оқу



ордамыздың құрылған алғашқы жылдарынан бері еңбек етіп келе жатқан жандардың қатары азайып келеді. Ал Қаратай Жүсіпұлы сол уақыттың айнасындай, асылдың сынығындай көз алдымызда ұзақ жүрсін деп тілеймін», — дейді Қаратай ағаның шәкірті, тех. ғ.к., профессор Василий Данилов.

Білімнен асатын рухани байлық болмайды

Қаратай Құрманов 1930 жылдың 29 наурызында Павлодар ауданының Кеңес ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Оның өмірі білім жинау мен тынымсыз еңбек еутмен ерекше. Жастайынан ол білімге құштар, ғылымға жақын болып өсті. Ол кісі әрдайым «білімнен, білгіштіктен асатын рухани байлық болмайды» деп жастарға қайталап айта беруден жалықпайды. Қаратай Құрманов қазір де дербес зейнеткер қатарында болып, қоғам жұмысына белсене араласып жүр.

Өз ісінің майталманы, ұлағатты ұстаз Қаратай Жүсіпұлы бүгінде үш бала өсіріп, немере сүйіп отыр-

С.Торайғыров атындағы ПМУ-дағы еңбек жолы:

1965-1976 ж.ж. индустриалды институтының оқу ісі жөніндегі проректор.

1965-1976 ж.ж. факультет деканы.

1977-1997 ж.ж. «Құрылыс конструкциясы» мен «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» кафедраларының доценті

1998-2003 ж.ж. — С.Торайғыров атындағы ПМУ соғыс ардагерлері мен еңбек Кеңесінің төрағасы.

2008 жылы — С.Торайғыров атындағы ПМУ Құрметті деканы.

25 жыл бойына ЖОО Ғылыми Кеңесінің мүшесі және дипломдық жобалар бойынша МЭК мүшесі болды.

ған жайы бар. Тұңғыш ұлы Асқар әке жолын ұстанды. Бүгінде ол техника ғылымдарының кандидаты, С.Торайғыров атындағы ПМУ «Кәсіптік, азаматтық және көліктік құрылыс» кафедрасының доценті, Қызы Ғалия дәрігер, Г.Сұлтанов атындағы облыстық ауруханада бөлім меңгерушісі, кіші ұлы Абай инженер-құрылысшы, кәсіпкер.

Қаратай Жүсіпұлы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің дамуына қырауар үлес қосты. Оқу орданың қалыптасу және даму кезінде қаланың, Павлодар өңірі мен елінің халық шаруашылығы үшін жоғары білікті мамандарды дайындауда терін төкті, жанын салды.

Жанар ЕЛЕШОВА

Тұлға

Душу кочевника даль зовёт

*У*мя Николая Михайловича Пржевальского — прославленного русского путешественника — навсегда вошло в историю географических открытий.

Николай Михайлович Пржевальский родился 31 марта (12 апреля) 1839 году в деревне Кимборово бывшей Смоленской губернии в небогатой, но в прошлом родовитой дворянской семье.

Пржевальский по праву называется первоисследователем Центральной Азии. Он совершил по Центральной Азии четыре путешествия, пройдя по её горам и пустыням более 30 тыс. км. Пржевальскому принадлежат крупнейшие географические открытия в Центральной Азии, он изучил и описал наиболее интересные и характерные особенности её природы. После каждой экспедиции этого неутомимого исследователя огромное «белое пятно», занимавшее центральное место на карте Азии, сокращалось. Пржевальский первый открыл для науки неизведанные внутренние районы самой большой на земле части света, долго скрывавшей от посторонних глаз свои тайны и географические загадки.

Уссурийск зовёт!

Первым большим путешествием Пржевальского была экспедиция по Уссурийскому краю, организованная в 1867 году при поддержке П.П. Семёнова-Тань-Шаньского и Сибирского отдела Русского географического общества. В ходе этого путешествия молодой офицер Генштаба доставил интересные сведения о жизни и нравах зверей и птиц, о местном населении, русском и инородческом; исследовал верхнее течение реки Усури, бассейн озера Ханка, восточный склон хребта Сихотэ-Алинь; в завершении собрал тщательные и подробные данные о климате Уссурийского края. Результаты он изложил в прекрасной книге «Путешествие в Уссурийском крае». Чувствовалось, что это — большой корабль, которому предстоит большое плавание. Уссурийская экспедиция 1867-1869 годов оказалась не только научной. Во время её работы на русск у тер-

риторию прорвалась большая банда хунхузов — китайских разбойников, которые истребляли русские поселения и подстрекали китайское население к восстанию. Пржевальскому пришлось отвлекаться на эту антитеррористическую операцию, которую он провёл решительно, быстро и успешно. За эти боевые действия он получил капитанский чин и переведён в Генеральный штаб. Успех (и не только научный) Уссурийского предприятия определили дальнейшую судьбу военного-путешественника. В 1870 году Русское географическое общество организовало экспедицию в Центральную Азию. Её начальником был назначен Николай Михайлович Пржевальский.

Лошадь Пржевальского

А знаете ли вы, почему Лошадь Пржевальского носит такое название? Всё началось в далёком 1879 году, когда Николай Михайлович направился из города Зайсан в третье путешествие во главе отряда из 13 человек. Дорога была длинной, но очень интересной и познавательной. По реке Урунгу через оазис Хами и через пустыню в оазис Са-Чжеу, через хребты Нань-Шаня в Тибет, и в долину Голубой реки (Мур-Усу). На пути их ожидало препятствие. Тибетское правительство не хотело пускать Пржевальского в Лхасу, и местное население было так возбуждено, что Пржевальский, перейдя через перевал Танг-Ла и находясь всего в 250 верстах от Лхасы, был вынужден вернуться в Ургу. Возвратившись в Россию в 1881 году, Пржевальский дал описание своего третьего путешествия. Им был описан новый вид лошади, ранее неизвестный науке, позднее названный в его честь. В мире насчитывается около двух тысяч особей, и вся эта

популяция происходит от нескольких животных, отловленных в начале XX века в Джунгарии. Потомки тех лошадей уже на протяжении многих поколений разводятся в неволе, в зоопарках и заповедниках мира. Племенную книгу лошадей Пржевальского ведёт Пражский зоопарк. В СССР большое поголовье лошадей Пржевальского содержалось в заповеднике «Аскания Нова» (Украина).

Величие души

Ему принадлежит афоризм: «Душу кочевника даль зовёт». Сам же Николай Михайлович говорил, что лучшее путешествие — это возвращение домой. Но по приезду Пржевальский начинал тосковать по кочевой жизни. Николай Михайлович, подобно своим запорожским предкам, был упрямым и независимым. Как истинный рыцарь, не терпел несправедливости, лжи и лицемерия. Даже в наше время он может стать примером для многих. «Как вольной птице трудно жить в клетке, так и мне не уживаться среди «цивилизации», где каждый человек, прежде всего, раб условий общественной жизни. Но простор пустыни — вот о чём я день и ночь мечтаю. Дайте мне горы золота, я за них не продам своей дикой свободы.»

Александр Вервекин, директор Павлодарского Дома географии, поделился с нашей редакцией своими впечатлениями о Николае Михайловиче.

«Для меня Пржевальский — это человек, биографически схожий с такими личностями, как Валиханов и Лермонтов. Будучи учёным, он находился ещё и на военной службе. Это давало ему возможность участвовать в экспедициях, давших бесценные сведения об окраинах тогда ещё Российской империи и о странах зарубежной Азии. Читая сегодня книги о нём, изучая жизнь и деятельность Николая Михайловича Пржевальского, можно сформировать представление и о нём как учёном энциклопедических знаний (географе, историке, биологе),

и об особенностях природы, общественной жизни в Китае, современного Кыргызстана и других регионов. Мне лично он больше всего интересен как путешественник и географ. Дом географии собирает труды и материалы о Пржевальском».

Личная жизнь

Изучая биографию Николая Михайловича, мы задались вопросом, почему же великий путешественник был холостяком? Некоторые исследователи жизни Пржевальского считают, что у него просто не было времени для ухаживания за барышнями. Кроме того, он ни в одной из них не видел идеал. А идеальным для него был образ матери — единственной женщины, которую этот суровый человек боготворил. Другая, конечно же, не оставались в стороне и пытались всячески женить Николая Михайловича. Но Пржевальский стоял на своём, отвечая им, что дамы раздражают своей болтливостью и пристрастиями к пустякам. «А что я буду делать, если жена увяжется за мной в экспедицию? Нет уж, господа, увольте!» И в этом весь он: резкость, своенравие и простота.

Всю жизнь заниматься любимым делом, разве не об этом мечтают многие? Как сказал великий Аристотель: «Работа, выполненная с удовольствием, позволяет достичь совершенства». Пржевальский полностью доказывает эту теорию. Любовь к науке, жажда приключений и новых открытий на протяжении всей жизни не покидали Николая Михайловича. Благодаря его рвению и искренним чувствам к путешествиям весь мир познакомился с удивительными местами нашей необъятной планеты. И не могло быть иначе, потому что Пржевальский был первооткрывателем и первооткрывателем, великим путешественником, который навсегда вошёл в историю открытий.

Валерия ДЖЕМБЕТОВА.
ЖУР-102.





Жеңісті жақындатқандар

Күн жексенбі болатын. Павлодар халқы демалыс күннің күйбеңінде еді. Балалар «Ударник» кинотеатрына асығып, жоғары сынып оқушылары қоштасу кешіне дайындалуда, ал футболсүйерлер қалалық футбол командасы мен омбылықтардың «Динамо» арасындағы ойынды тамашалауда.



Бүкілодақтық радиодан КСРО Халық Комиссариаты кеңесінің орынбасары В.М.Молотов кеңестік халыққа соғыстың басталуы туралы сағат күндізгі үште хабарлады. Павлодарлықтар бірден Ленин саябағына жиналды. Ал келесі күні Бейбітшілік көшесінде орналасқан сол уақыттағы теміржол бекетінен майданға алғашқы еріктілер эшелоны жолға тартты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 46 мыңға жуық павлодарлықтар аттанды, олардың 22 мыңға жуығы қайтыс болды, із-түссіз жоғалды. Павлодарлықтар соғыстың ең ауыр майдандарына қатысты. Біздің жерлеріміз Брест бекінісін қорғауға, мәскеулік, сталинградтық, Курск түбіндегі ұрыстарға қатысып, ерлік көрсетті. Батыл жерлеріміз айқас алаңында да, тылда да Отанын қорғауға жанын салып, өмірін аямай жаумен шайқасты, еңбектенді. Павлодарлықтардың 10 мыңдайы соғыс наградаларына ие болды. 31 павлодарлықтар Кеңес Одағының Батыры, 8 адам Даңқ орденінің толық Кавалері атанды.

Тылдағы еңбекші әйелдер

Павлодарлық азаматтар Жеңістің жақындауына едәуір зор септігін тигізді. Ертістің Павлодар өңірінде жау әскері оқ жаудырмаса да, сұм соғыстың зардабын халық басынан өткереді. Соғысқа жарамайтын мүгедек, қарттар, әйелдер мен бала-шаға ерлерше еңбек етті. Тек Павлодар облысында колхоздар мен совхоздарға 1942 жылы жұмысқа 8555 әйел жіберілді, бұл барлық жұмылдырылғандардың жартысынан көбі еді. Нәзік жандылар жаңа кәсіпке ие болу керектігін жақсы түсінді және ер азаматарша жұмыс істеуіне тура келді. Осыған байланысты өнеркәсіп орындарында, мекемелерде, ауылшаруашылығы мен егіншаруашылығы жұмыстарына білікті әйел-жұмысшыларын дайындау туралы қаулы да шықты.

Жолдасың үшін еңбек ет

Майданға қару-жарақ жөнелту мақсатында батыстан жедел көшіріліп әкелінген зауыт-фабрикалар тез іске қосылады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығы әскери тәртіпке бағынды. Павлодар облысына 1941-1942 жылдары Харьков қаласынан тон фабрикасы, «Монумент-скульптор» көркем құйма Ленинград зауытының жабдықтары әкелінді. Облысқа көптеген кәсіпорындар көшірілді және олардың базаларында жаңа өндірістер ұйымдас-

тырылды. Сонымен, Павлодар қаласында ауылшаруашылық машиналар үшін қосалқы бөлшектер жасайтын «Октябрь» зауыты салынды. Майданға күпәйке, шалбар, жүн шұлықтар, қол орамалдар, қалталар және «Жауды қатты соқ!» жазуы бар басқа бұйымдар қызыл әскерлерге жіберіліп отырды. Кәсіпорындарда «Өз үшін ғана жұмыс істеймей, майданға кеткен жолдасың үшін жұмыс істеу» ұранымен көптеген жұмысшылар бір кәсіпорында бірнеше адам үшін еңбектенді.

Жеңіске жақындатқан ұран сөздер

Молотовтың халыққа арнаған сөзіндегі «Біздің ісіміз әділ. Жау талқандалады. Жеңіс бізде болады» «Наше дело правое. Враг будет разбит. Победа будет за нами» деген соңғы сөздері қанатты сөздерге айналды. Бұл тіркестер бұқаралық ақпарат құралдарында халықты рухтандырып, жігерлендіру үшін жиі қолданды. Кейіннен бұл сөздер сәл өзгертіліп медалдерде де көрініс таба бастады. «Наше дело правое. Мы победили».

Ғылымдағы зор еңбек

Біздің қазақстандық ғылым Жеңістің бір табан жақындауына зор еңбек сіңірді. Нағыз ерлікті жерлесіміз Қаныш Сәтбаев жасады. Ол Орталық Қазақстандағы марганец кенін өнеркәсіптік дайындауда және майдан қажетіне байланысты сирек металды зерттеу ісіне қатысты. Қаныш Имантайұлының атқарған бұл еңбегі майдан үшін өте бағалай болды. 1942 жылы Қ.И. Сәтбаевқа Жезқазған мыс кен орындарындағы еңбегіне байланысты Мемлекеттік сыйлық берілді.

Өнерден рухтану

Қазақтың 90-ға жуық акын, жазушылары майдандағы жауынгерлер қатарында болды. Қазақтың жазушыларына кеңестік билік майдандағы әскер мен тылдағы еңбекшілердің рухын көтеретін туындыларды дүниеге әкелуіне арнайы тапсырмалар берген. Мысалы, қазақтың белгілі жазушылары Сәбит Мұқановқа, Мұхтар Әуезовке, Әбілда Тәжібаевқа, Ғабит Мүсіреповке, Дүйсембек Еркінбековке Академиалық, опералық және колхоз-совхоз театрлары үшін қорғаныс тақырыптарында пьесалар жазуға тапсырмалар бергендігі туралы ҚР Мұрағатының арнайы Жеңістің 70 жылдығына орай ұйымдастырған фото-құжаттық көрмесінде көрсетілген құжаттар

қатарындағы Қазақстан кеңестік жазушылар одағы Президиумының жауапты хатшысы Ө.Тәжібаевтың қазақ жазушылары туралы ақпаратынан білеміз.

Барлығы майдан үшін

Басталған Ұлы Отан соғысы жағдайларында Қызыл әскерді және тұрғындарды ауыл шаруашылық азық-түліктерімен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылық шикізатымен қамтамасыз етуде Павлодар облысы маңызды роль атқарды. Украина, Белоруссия, Ресей ірі ауылшаруашылық аудандарын жаулардың жаулап алғанына байланысты ауылшаруашылық еңбекшілерінің Отан үшін жауапкершілігі екі есеге арта түсті. Материалдық және еңбек ресурстарын жұмылдыру, астық, ет, жүн және т.б. өнімін арттырудың арқасында ауылшаруашылық өнімімен майдан және тылды қамтамасыз етті. Әскер аш соғыса алмайтынын тылдағылар жақсы түсінді. Тылдағылар «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» ұранымен екі еселенген күш-қуатпен еңбек етті. Аудандарда егіндік алқаптар азайған жоқ, майданға кеткен көптеген ер адамдарды әйелдер алмастырды. Ауыл адамдарына үлкен көмекті оқушылар көрсетті.

1942 жылы жоғары егін топтарын құру бойынша қозғалыс басталып кетті. Республикадағы осы бастамалардың қозғаушылары Павлодар еңбекшілері болды. Сол жылы Павлодар облысында екі жас жоғары егіндік тобы құрылды.

520 қазақстандық Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды. Оның 98-і қазақ. Ұлы Отан соғысында КСРО 27 миллион адамынан айырылды. Ал соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына шағатын болсақ, қазақтардың шығыны көршілес өзбек, татар, азербайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары. Бұл пайыздық шығын жағынан қазақ халқы өз жерінде соғыс қимылдары болған орыстармен, украиндермен, белорустермен теңеседі екен.

Жеңіс туы

Ұлы Отан соғысы осылай Кеңестер Одағы жеңісімен аяқталды. Шешуші «Берлин» операциясына көптеген қазақстандықтар қатысты. Кеңестер Одағының, батыры С.Нұрмағанбетов

Берлин үшін шайқаста әскери бөлімнің бірін басқарды. Ол ҚР Қорғаныс министрі қызметін атқарды. «Берлин» операциясына Т. Бигелдинов, Х. Қайдауов, З.Тұрарбеков, Х. Көбеков, А. Еремеев т.б. қатысты. Өсіресе олардың ішінде рейхстаг төбесіне жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың есімі көпке аян.

Кез келген қазақтан «Рейхстагқа ту тіккен кім?» деп сұрасаң, «Рақымжан Қошқарбаев» деп қасқайып тұрып жауап береді. Алайда тарих басқаша сыр шертеді.

Ақтаңдақ

Ұлы Отан соғысы келмеске кетіп, соғыс төңірегіндегі талай шындықтар жария болып, талай ақтаңдақтардың беті ашылуда. Бүгінде осы уақытқа дейін көзсіз сенген кеңестік билік те тағынан құлады, артынша қарапайым халық үшін ақиқат болған деректердің жалған екені анықталды. Дегенмен, ақиқат пен аңыздың ара-жігін ашу болашақ ұрпақ үшін қажет екендігін түсінген жөн.


Ұлы Отан соғысын зерттеуші Александр Осокин өзінің «Великая тайна Виликой Отечественной» еңбегінде 1941 жылдың 22 мауыс күні фашистік Германияның әскер саны және қару техникасы жағынан мықты болмағанын айтады. Автордың айтуынша бұл соғысты немістер кенеттен де бастай салмаған көрінеді. Себебі кеңестік барлаушылар бұл туралы билік басшыларына әрдайым ескертіп отырған екен. Оның үстіне Гитлер мен Сталин арасында Англияға бірлесіп шабуыл жасау туралы құпия келісім болғандығы туралы деректер бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында жиі жазылып жүр. Өткен ғасырдың 30-60-шы жылдар аралығында Свердлов облыстық НКВД-нің қызметкері болған майор Александр Федоров Ресей журналистерімен болған құпия әңгімелесу барысында Гитлер мен Сталиннің кездескендігі туралы сенсациялық оқиғаны бастан аяқ баяндап берген екен.

Р.С. Қазақстандықтар, павлодарлықтар осылайша Ұлы Жеңіске өздерінің үлестерін қосты. Батылдарымыздың Отанға, Анаға, бауыр мен ағайынға деген махаббаты жұдырықтай жүректерінің соққан лүпілі Жеңісті жақындатты емес пе?!

Неміс әскері Мәскеуге дейін жетті... Кеңестік халықтың жауабы біреу ғана болды – соғыс Отандық болды, жау жеңіліс тапты, кеңестік аймақтан қуылды, елі ойран болды. Алайда Отан үшін бұл Жеңістің құны қымбат болды. Ол құн – 27 миллион кеңестік адамдардың өмірі.

Дайындаған Жанар ӨБДІҚАЛИҚЫЗЫ

A different view of Kazakhstan by a foreigner



Today we are interviewing a foreign guest. Harry Leeds came from United States. He came to Kazakhstan through a program by Georgetown University. This program employs qualified English language teachers and sends them all around the world.

– What was the first thought to cross your mind when you figured out that you were going to Kazakhstan?

– Actually, I was really interested in history of Central Asia and I wanted to go to Kazakhstan for a while now. I had never thought that grizzly bears were walking in the streets and that I needed a rifle to feel secure. I knew more or less what to expect. Moreover, I have never thought that Kazakhstan had a lot in common with Pakistan, because of that «...stan» in their names. I had a good understanding that Kazakhstan was a kind of place with good education, high level of literacy and that people in Kazakhstan were pushing technology, computer science and languages.

– What did you know at first about Kazakhstan before coming here?

– I heard that people in Kazakhstan are very generous, maybe almost too generous, like you give someone a compliment about the clothes they are wearing and they say: «Oh, here. It's yours now». It's because they want make everyone so happy.

What I also learned is not to look for stereotypes in people, to get to know people, to talk to them in order to understand what people are about.

– What did you like about Kazakhstani people?

– I think that people are very interested in looking after their friends. I have some friends here but I am impressed every time that they are willing to help me if I have a problem. They are always ready to come and to help you wherever you are and whatever you need.

And I would also say that people here are very laid back, relaxed, comfortable and pretty open. And about people being too generous I don't know if they are too generous, but I think that they are really interested in making other people happy.

– What are three things that you think Kazakhstani people should change in themselves, in their mentality and worldview?

– I do not think I could name three things. I think it is just important for everyone to be open and think about other cultures. This is both healthy for your life and it can make you understand the world better and at the same time you can understand your own culture better when you understand another. I have certainly had that experience where I

feel and understand my own culture better having lived in other countries.

– What dishes did you like the most in Kazakhstan? Which of them were new for you?

– Well, the only thing that was really-really Kazakh that I had, was Beshbarmaq and I loved it, it was great. I had never had beshbarmaq before and it has like a really unique flavor and the way you eat it is just like I had nothing before.

– What dishes or food do you miss the most when not in US?

– Oh, it is pretty long and I like food a lot. Oh, probably I am from New York and we have famous New York pizza. And think that is probably what I miss the most.

– As a teacher, linguist and methodologist you know that teaching is a bilateral and mutual process. In this respect, is there something new that you could gain from your students in here? Probably some new ideas, concepts, maybe even philosophies?

– Sure. I have been trying to employ different approaches in teaching students to see what they like and what they are good at. In addition, I found that students here are pretty good at doing good if you give them a very concrete task. Therefore, I adapted my teaching sometimes to be more concrete and detailed about what I want than I used to. Moreover, you can really push people to do good work if you provide them these kinds of details.

– Since when have you been learning Russian?

– I began learning Russian back in school. Later when I studied in college I had no Russian language experience. Prior to that I studied Russian with so called «Heritaggers».

Those are the children of emigrants who learned Russian from their parents only, not from their surroundings. This means that they have their Russian language come as a heritage. Those people keep on speaking Russian as a mother tongue but they have weaker writing and reading skills in it, because they only speak Russian with their parents.

I have been studying with them and as well I had group-mates, who spoke Russian really good and for whom it was a native language. For example, in literature I read Ivan Bunin since I knew few words and those «Heritaggers» guys

had issues with reading. I was reading it aloud and they were translating.

– You have mentioned that you found interesting to study Central Asia languages and cultures. What languages have you already experienced and tried to learn? What about Kazakh language? Did you learn it separately just the way it was or through the prism of Russian language?

– Actually, I studied Tatar before I started studying Kazakh. I went to Tatarstan on a program specially to study the Tatar language, when I was in graduate school. I had been studying Tatar for two months. The fact that I know Russian certainly helped me, but my teachers spoke English quite well. Certainly, when I came to Kazakhstan I concluded that I needed to learn Kazakh. Luckily for me Tatar and Kazakh have a fair amount, in common they have similar roots, and some of the grammar was similar. So, it was easier to learn Kazakh from this stage rather than learning it with no background of Turkic languages. Hence, learning Tatar and Kazakh opened up this full area of the world to me, because, for sure, not everyone speaks Russian or English. Employing Kazakh for example, I am able to communicate with rest of the people in Kazakhstan.

Both Russia and Kazakhstan are multicultural countries populated by many ethnicities. So, I had a clear-eyed understanding that the culture of this area is not only what you can find in Astana or Moscow. Moreover, those countries that made up the Russian Empire had remarkable history and thus affected whole history of Empire and USSR later. In other words, I found Russian culture to be interesting at first and then Turkic culture made its own interest on me.

I think that both in Kazakhstan and Tatarstan people take pride in their culture and heritage. It is very important for them to remember what it is to belong to Kazakh or Tatar nation. People are very happy to find a foreigner like me who knows their history. And, this is not only patriotism. People know the history because they know the value of this history. People should never forget those lessons that history gives them, otherwise they have will lose themselves and will have no perspectives.

Interviewer:
Rufina TORPISCHEVA

Казахстан глазами иностранца. Другой взгляд

Вашему вниманию сегодня представлен разговор с иностранным гостем. Гарри Лидс, выходец из США. Он приехал в Казахстан по международной программе от университета Джорджтауна, в рамках которой опытные преподаватели английского языка отправляются в разные уголки мира.

– Что первое пришло Вам в голову, когда Вы узнали, что поедете в Казахстан?

– На самом деле, я давно интересовался историей Центральной Азии и хотел отправиться в Казахстан. Я никогда не думал, что по улицам разгуливают медведи-гризли и что мне будет нужно ружье, чтобы защищаться. Я примерно знал, чего ожидать. Кроме того, я никогда не думал, что Казахстан и Пакистан имеют много общего, раз в названии этих стран есть окончание «...стан». У меня было четкое понимание, что Казахстан – страна, в которой люди очень образованные, а также, что Казахстанцы активно развивают различные технологии, в том числе IT-сферу и языки.

– Что вы знали о Казахстане перед приездом?

– Я слышал, что люди в Казахстане очень щедрые, возможно, даже чересчур. Вроде, вы делаете кому-нибудь комплимент по поводу одежды, и этот человек тут же вам говорит: «А, ну забирай, если хочешь». А все потому что люди здесь хотят, чтобы вы радовались.

Еще я научился не относиться к людям через призму стереотипов, научился находить подход к людям, всегда стараясь понять, чем они живут.

– Что в первую очередь Вам понравилось в жителях Казахстана?

– Я думаю, люди здесь всегда настроены на то, чтобы заботиться о своих друзьях. У меня не так много друзей здесь, но я каждый раз удивляюсь, что они всегда готовы помочь решить возникающие проблемы и делают это от всей души. Они готовы прийти на помощь в любой ситуации.

Еще я хотел бы отметить, что люди здесь излучают спокойствие, в них нет напряженности и при этом они очень открытые. Если же говорить о щедрости и великодушии в людях, которые живут здесь, не знаю, излишне ли они щедрые, но одно качество в них присутствует всегда – это стремление радовать окружающих.

– Какие три черты, по-вашему, казахстанцы должны изменить в себе, в своем менталитете и взгляде на мир?

– Не уверен, что смогу назвать именно три качества. Я думаю всем нам важно быть открытыми и с пониманием относиться к другим культурам. Это не только облегчает жизнь, но и помогает понимать мир лучше, способствует более глубокому пониманию своей культуры. У меня определенно есть опыт в том, как чувствовать и свою культуру, после того, как я пожил в других странах.

– Какие блюда Вам больше всего понравились в Казахстане? Какие из них были для вас в новинку?

– Ну, единственное, самое казахское блюдо, которое мне довелось попробовать здесь, был бешбармак.

До этого я никогда бешбармак не ел и был немало удивлен его вкусом и тем, как его едят.

– Каких блюда или еды Вам больше всего не хватает вдали от Америки?

– О, думаю долго придется перечислять, тем более я люблю поесть. Возможно, мне больше всего не хватало знаменитой Нью-Йоркской пиццы.

– Будучи учителем, лингвистом и методистом, Вы знаете, что преподавание – двусторонний и обоюдный процесс. В этой связи, было ли что-то новое, что Вы смогли почерпнуть у Ваших студентов здесь в Казахстане? Возможно, какие-то новые идеи, концепции, может даже философские взгляды?

– Безусловно, я старался задействовать различные методы обучения студентов, чтобы вывить их предпочтения, а также сильные стороны. Кроме того, я выяснил, что студенты очень хорошо справляются, если задача поставлена конкретно. Поэтому я адаптировал свою методику обучения таким образом, чтобы предметно давать студентам понять, чего я от них жду. Также я узнал, что если более детально ставить перед людьми задачу, можно вдохновить их на работу, которая даст хороший результат.

– Как давно вы изучаете русский язык?

– Я начал учить русский язык еще в школе. Затем в университете я какое-то время не изучал русский, а до этого я обучался с так называемыми «херитажниками».

Это дети эмигрантов, которые знают язык только от своих родителей, а не от окружения. То есть язык перешел к ним по наследству – heritage. Эти люди продолжают говорить на русском, как на родном языке, но не совсем хорошо пишут и читают, потому что разговаривают со своими родителями на этом языке.

Я учился вместе с ними и у меня были одноклассники, которые знали русский язык очень хорошо и для них он был родной. Так, например, по литературе я читал Бунина, потому что я не знал многих слов, а «херитажникам» было сложно, потому что они не умели читать. И я читал вслух, а они переводили.

– Вы упоминали, что для вас было интересным

изучать языки и культуру стран Центральной Азии. Опыт изучения каких языков уже есть у вас? Что вы можете сказать о казахском языке? Изучали ли вы его с нуля или же через призму русского языка?

– На самом деле, прежде чем учить казахский язык, я изучал татарский. В Татарстане я был в рамках программы по изучению татарского языка, когда еще учился в старших классах. Татарским я занимался два месяца. Тот факт, что я знаю русский, безусловно, помог мне, между тем, мои преподаватели довольно хорошо говорили на английском. Конечно же, приехав в Казахстан, я решил учить казахский. К счастью для меня, оба эти языка имеют много общего и корни у них общие, да и грамматика схожая. Поэтому имея такую платформу, мне легче было учить казахский язык, нежели если бы у меня не было фоновых знаний в тюркских наречиях. Таким образом, изучив казахский и татарский языки, я открыл для себя все бескрайнее пространство этой части света, тем более, что не все говорят на русском или английском. Знание казахского, например, позволит мне общаться с людьми по всему Казахстану.

И Казахстан, и Россия – поликультурные страны, в которых живет много этносов. Поэтому у меня было совершенно четкое понимание того, что культура этого региона – это не только то, что вы можете найти в Астане или Москве. Кроме того, все те страны, из которых состояла Российская Империя, имели удивительную историю и тем самым в дальнейшем повлияли на историю России и СССР в целом. Другими словами, сначала я заинтересовался русской культурой, а затем тюркская культура нашла интересным меня.

Я думаю, что и в Казахстане, и в Татарстане люди гордятся своей культурой и наследием. Для них очень важно помнить, что такое быть частью своего народа. И люди очень рады, когда иностранец, вроде меня, знает их историю. И здесь не только патриотизм. Людям никогда не следует забывать уроков истории, иначе они потеряют себя и будущего у них не будет.

Беседовала
Руфина ТОРПИЩЕВА



«Қаз қонақ» қандай құпияны жасырып жатыр?

Күзде құс қайтып, көктемде құс келгенде қаздар осы жерге қонақтап, сапарларын жалғастыратын болған. Міне сондықтан, Павлодар қаласының орталығы, Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан өзен жағасындағы сегіз жүз метрдей созылған аумақты «Қаз қонақ» деп атапты.

Жаһандық жаңалық

Осыдан 87 жыл бұрын 1928 жылы Омбыдан бері пороходпен келе жатқан жас палеонтолог Юрий Орловтың назарын Ертіс жағасындағы дәл осы жердің топырақ құрамы қызықтырса керек. Ол күтпеген жерден жағалаудан тауып алған ақ сүйек әлденеше миллион жыл бұрын өмір сүрген керіктікі болып шығады. Келесі жылы қиын-қыстау заманға қарамастан, Мәскеу қаласынан арнайы жабдықталған экспедиция келіп, табысты жұмыс жасайды. Аңғардан табылған антилоптардың, керік, гиен, бұғы, хилотерий мүйізтұмсықтары, пілдердің аталары – мастодонттар, түйеқұс, тасбақа және басқа да байырғы жануарлардың бөліктей және бүтіндей 16 тонна қаңқалары бірнеше вагондарға тиеліп, Мәскеуге жөнелтіліпті.

Осы жұмыстардың нәтижесінде Ю. Орлов белгілі кеңістік ғалым, академик, КСРО Ғылым академиясының палеонтологиялық институт директоры болды, «Ежелгі жануарлар әлемінде» деген палеонтологтар үшін таптырмас еңбек жазып шықты.

Павлодарлық тәжірибе геологиялық әлемді зерттеуде жаһандық жаңалық болды белгілі. Өйткені дәл осындай көлемде табылған гиппариондық фауна жер жүзінің еш жерінде кездеспеген еді. Құс өткелі аңғарынан көне дәуірдің 20 бұғысы, 40 керігі, 130 мүйізтұмсығы мен 200 гиппарион жылқылары табылған. Солардың ішіндегі ең ерекшесі көне дәуірдің атымен аталатын үш бақайлы гиппарион жылқылары болған.

Ежелгі сүйектерді Мәскеуге атқарар жолда қызық жайт орын алыпты. Павлодардың теміржол бекетінің басшысы палеонтологтардан аңдардың аусыл індетімен ауырмағаны жайында анықтама сұраған көрінеді. Мәскеулік ғалым сүйек қаңқалардың миллион жылдық ғұмырын дәлелдеп, Павлодарда бір ай бойына бөгіліп қалған екен.

Бүгінде Мәскеу РАН палеонтологиялық мұражайында «Қаз қонақтың» мекендеушілерінен тұратын экспонаттар толығымен бір залды алып жатыр. Ал бір бөлігі Ленинград қаласында сақталыпты. Байырғы дәуірдің тіршілік иелерін Павлодар қаласының өлкетану музейінен және педагогикалық институты музейінен де көруге болады.

Африка Павлодардан басталған ба?

1960 жылы қазақстандық ғалымдар алуан түрлі және ерекше жануарлар мен ұсақ омыртқалыларды тауып, «Құс өт-

келінің» мұраларын толықтырды. Мысалы, ежелгі қояндар, жыландар, қосмекенді жәндіктер, шикылдақ, қосаяқ, және құстар табылды. Және де ғалымдардың қолына планетадағы ең үлкен қанжар тісті махайрод жолбарысының жағы түседі. Палеонтологтардың айтуынша бұл аңғардан әлі жер-жаһанды таңқалдыратын талай жаңалық шығады.

Аймақ екі геологиялық қалыптасудың тоғысында тұр. Олар бір кездері айрылысып, қайта қосылған. Сондықтан бұл жерде мүлдем екі бөлек фаунаның қосылуын байқауға болады. Қазіргі күндері кейбір әлемдік палеонтологтардың африкалық жануарлар Еуразия құрлығында қалыптасқан деген пікірін жиі естіп жүрміз. Ал қазақстандық ғалымдар Павлодар қаласындағы «Қаз қонақта» оған дәлел болатын ескерткіштер бар екендігін айтуда. «Қаз қонақтың» жануарлары жердің жаратылуынан бергі ең ерекше кезде – кайнозойлық дәуірдің неогендік уақытында өмір сүрген. Олардың сүйек-қаңқаларын зерттеу арқылы ғалымдарымыз Жердің даму тарихынан талай сырға қанық болады. Осыдан ондаған миллион жылдар бұрын Ертістің Павлодар өңірі қазіргі Африкадай болған дейді ғалымдар. Африканың бастауы осы жер, яғни бүгінгі Керекү жері. Ғалымдардың айтуынша, ол жерде лавр, банан, пальма ағаштары өсіпті. Павлодар шаһарының іргесіндегі бұл ескерткіштің тағы бір ерекшелігі мұнда ескекәяқтылардың омыртқалы түрлері кездескен. Мәселен, морж табылды. Бұл деген ғалымдардың мәлімдеуінше бүгінгі Павлодар облысы аумағында миллиондаған жылдар бұрын теңіз болғанын айғақтайды. Кайназой дәуірінде өмір сүрген аң-құстардың жаппай қырылуы немесе олардың мекен ауыстыруы климаттың күрт өзгеріске ұшырауынан дейді ғалымдар.

Гиппариондық бай мұра

Кез келген палеонтолог Қазақстанның Павлодар қаласында «Қаз қонақ» аймағында өте бай мұра жатқанын біледі. Себебі олар бұл ескерткіштің таптырмас әрі қайталанбас құнын жақсы біледі. Көне заманды зерттеушілер аты аңызға айналған осы аймақта қазба жұмыстарын жүргізуді арман етеді. Тіпті, миллиондаған жыл бұрын тіршілік еткен «Қаз қонақтың» мұраларына Жапония мен АҚШ ғалымдары қызығу-



шылық танытып келеді. Мұндай қорғандар Австралияда, Грекияда, Үндістанда, Қытайда, Моңғолияда және Украинада кездеседі. Бірақ осы аталған елдерде табылған ескерткіштердің сирек түрлері мен сақталуына қарай бірі де «Қаз қонақпен» салыстыруға да келмейді екен.

Бұл көне ескерткіштерді жіті зерттеуді талап етеді. Өр көктемде өзен тасып, өзен де оңға қарай жылжып барады екен. Бұл дегеніңіз Қазқонақ аңғарына су жақындап келеді дегенді білдіреді. Судан бөлек тұрғындардың тастайтын қоқыстары естеліктің өміріне құрық болуда.

Халықаралық қорғау жергілікті қорғаудан басталады

«Қаз қонақ» 1971 жылы республикалық мәндегі табиғи ескерткіштер қатарына енді. Ал 2001 жылы Құс өткеліне «Егемен Қазақстанның табиғат ескерткіші» мәртебесі берілді. Бүгінде қалмыздағы палеонтологиялық мұра ЮНЕСКО қорғайтын нысандар қатарына ілініп, халықаралық қорғауға алынатыны туралы хабарды естігенде қуанып қалдық.

Бұл туралы pavlodarnews.kz тілшісіне Павлодар облыстық кәсіпкерлік, сауда және туризм басқармасы туризмді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрмағамбетова «Қаз қонақ» ескерткішінің ЮНЕСКО халықаралық ұйымның тізіміне енгізуге бірнеше жыл қажет екендігін хабарлады. Табиғи ескерткішті «Мәдени және табиғи мұра» халықаралық бағдарламасына енгізу – үшін алдымен жергілікті жердің өзінде қорғалу керек екен. 2016-2018 жылға жоспарланған бұл жұмысқа 73 440 мың теңге жұмсалмақшы. Және де көне жануарлардың макеттерінен демалыс орнын құру жоспарлануда.

Жанар ЕЛЕШОВА

Виктор МЕРЦ, Ә.Х. Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, т.ғ.к., С.Торайғыров атындағы ПМУ тарих кафедрасының доценті, Павлодардың археологиялық экспедициясының басшысы.



«Қаз қонақ» – әлемдегі теңдесі жоқ палеонтологиялық ескерткіш. Мұндай көне мұралардың жер жаһанда бірнеше ғана объектілері бар. Ал Қазақстанда Павлодардан басқа еш аумақта тіпті жоқ. Бұл ескерткіш қаламыздағы, облысымыздағы шетелдік туристерді және ғалымдарды қызықтыратын, еліміздің туристік кластерін дамытуға зор үлес қосатын бірден-бір орын. Және бұл ескерткіш Павлодар облысында болғандығы біз үшін өте тиімді. «Қаз қонақ» әлемдік деңгейдегі ескерткіш. Өңіріміздегі ешбір ескерткіштер мұндай дүниежүзілік деңгейді қамтый алмайды. Сондықтан да ЮНЕСКО бұл палеонтологиялық ескерткішке қызығушылық танытып, оны дүниежүзілік мұралар дәрежесіне көтеріп, қорғауға алғысы келгені бекер болмаса керек. Мұраны ЮНЕСКО-ның қорғауына алғаны әрине оның сақталуының мүмкіндігі арта түседі деген сөз. Сондай-ақ, болашақта да көне дәуір естелігін туристік объект ретінде де қолдануға жол ашылады. Демек, біз бұл міндеттерді жүзеге асырсақ, шетелдік туристер үшін Павлодар өңірі Қазақстандағы ең танымал және қызықты мекенге айналмақ. Тіпті осы бір көне ескерткіштің өзі қаланың, облыстың беінесін өзгерте алады. «Қаз қонақ» қазақстандық бренд ретінде қарау керек, өйткені бұл миллиондаған жылдық тарихы бар ескерткіштің қайталанбас бірегей мұра екенін түсінетін кез келді.

«Қаз қонақтың» бірегейлігі осы аймақта 12-ден 5 миллион жылға дейінгі болған гиппариондық фаунаға тиесілі 60-қа жуық жануарлардың сүйектерінің қалдықтары сақталғандығында. Бұл жер құрамы екі сүйекті көкжиектен (костеносный горизонт) тұрады. Яғни, осы аймақты бірегей де ерекше палеонтологиялық және биологиялық объект деуге болады. Бұл аумақ Павлодарлық жер қабатын белгілейтін стратигия. Халықаралық геологияда «павлодарлық жер қабаты» деп белгіленген бағыт бар. Міне осы жер қабаты шөгінділерінің стратотипі, үлгісі, этолондық объектісі қаламыздың орталығында, өзен жағасында орналасқан. Міне осындай себептермен де «Қаз қонақ» тек әлемдік туристерді ғана емес, геологтарды, палеонтологтарды, палеозоологтарды, көне фаунаны құмартқан әркімді қызықтырады. Кез келген геолог бұл жерден көне фаунаның таза күйіндегі жер шөгінділеріне куә бола алады. Осы тұрғысынан да объект бірегей мекен.

Маңыздысы біз табиғаттың және тағдырдың бізге берген мүмкіншіліктерін пайдалана білсек жақсы болар еді. Алақаннан сырғып кеткен алтын секілді біз қолда бар дүниелерді қолдана алмай жүргеніміз мені қынжылтады. Мәдени, ғылыми, жалпы әлемдік дәрежедегі құнды естеліктер әзірге қолымыздан сусылдап кетіп барады. Егер бұл көне ескерткішке қаржы салса, ертең ол көптеген ұрпақтың пайдасына жарайды. Өйткені мұндай объект басқа еш жерде жоқ екенін түсінген жөн. Тұрғылықты халық өздерінің мұрының түбінде тұрған мұраның құнын білмейтіні қалыпты жағдай. Себебі ол оның, күнделікті көріп жүрген әдеттегі жар ретінде көреді. Оның мағынасына да үңіле бермейді. Ал мақсат етіп, алыстан іздеп келген жандар үшін «Қаз қонақтың» бағасы қымбат. Қасында отырған адам оның құнын түсінбейтіні шын. Павлодарлықтар дәл осы жағдайда. Ал ғалымдардың қолы байлаулы. Оған себеп біреу – оларда қаражаттық мүмкіндіктің жоқтығы. Бұл мәселені түсініп, көне мұраның ғылыми, жалпы мәдени құнын жоғарыдағы басшыларымыз түсінсе игі болар еді. Сонда ғана мәселе шешімін табады. Ал біздің сөзіміз шөлдаладағы айқайға ұқсайды, оны ешкім естімейді.



Факультет табысы – университет жемісі

Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультеті С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің биология-химия факультеті ретінде 2005 жылы құрылды.

Факультеттің құрамында биылдан бастап үш кафедра жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар алты ғылым докторы, отызға жуық ғылым кандидаты, біліктілігі жоғары оқытушылар сегіз мамандық бойынша білімді мамандарды даярлап, студенттерге сапалы білім беру жолында тынбай еңбек етуде.

Факультет түлектері білім және бизнес салаларында көп сұранысқа ие және осы салаларда табысты қызмет етуде. Кейбіреулері мемлекеттік және әкімшілік қызметте табыстарға жетіп, Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде жемісті еңбек етіп жатыр. Мәселен, органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының түлектері Р. Кереев, М. Пекина, С. Халатов, А. Шоқпаров, А. Бахматова, Г. Отарғалиева және т.б. түлектер мемлекетіміз бен қаламыздың ірі өнеркәсіп орындарында беделді қызмет атқаруда.

Факультеттің барлық профессорлық-оқытушы құрамы әртүрлі бастамашыл ғылыми жұмыстарды орындауға белсене қатысады. Мұнда білім беру және ғылыми

Факультет Қазақстанның және шетелдердің жоғары оқу орындары және зерттеу орталықтарымен тығыз қарым қатынас орнатқан. Олар: АҚШ, Германия, Словения, Моңғолия, Мәскеу, Санкт-Петербург, Түмен, Новосібір, Астана, Алматы, Қарағанды, Семей және т.б. жоғары оқу орындары мен зерттеу орталықтары.

Студенттердің дипломдық жұмыстары мен жобаларының тақырыптары кафедраның ғылыми-зерттеу бағыттарына негізделеді, мамандықтардың кең спектрлі сұрақтары қамтылады, дипломдық жұмыстар мен жобалар тақырыптарының өзектілігі және оларды тәжірибе жүзінде қолдану – өндірістік тәжірибесі өтетін кәсіпорын ма-



Елдің ертеңі – білімді жастар

Бүгінгі таңда сапалы маман даярлау – күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Аталған мәселенің түйінін шешу мақсатында мемлекетіміз білім беру саласына көптеген қаржы бөлуде. Еліміздегі барлық дерлік білім беру орындарына үлкен жауапкершілік артылып отыр. Әсіресе біздің университет секілді үлкен білім ордасына халық үлкен сеніммен қарап, үмітін жалғап отыр. Сол себепті де ел үмітін ақтап, Елбасы жүктеп отырған міндетті атқару – басты міндет.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультеті университет ішіндегі ең үздік факультеттердің бірі. Бұл факультет әрқашанда ғылыми және әдістемелік жұмыстарда белсенділік, жасампаздық танытып, уақыт тынысын жіті қадағалап, әлемдегі ғылым мен білімнің даму деңгейіне сай білікті де білімді мамандар даярлайды. Бұл мамандар елдің ертеңі һәм тірегі десем артық айтқандық болмас. Себебі химия мен биология ғылымдары адамзат баласы үшін қашанда қажет. Оның пайдасын айтпаса да түсінікті. Жалпы жастарымыз қай мамандықта оқымасын, олардың әрқайсысы елдің дамуына өзіндік үлесін қосатынына мен кәміл сенемін.

Ұлықпан ҚАМАНҰЛЫ,
б.ғ.д., химиялық технологиялар және жаратылыстану факультетінің биология және экология кафедрасының профессоры, Моңғолияның педагогикалық ғылымдарының академигі, еңбек ардагері.



жұмыстарымен қатар жастардың саналы азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға да көңіл бөлінеді. Студенттердің адамгершілік қасиеттерін, жалпы адами құндылықтарын сақтауға мен нығайтуға және жан-жақты жарасымды дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстары да жүргізіледі. Осы мақсатта факультеттің профессорлық-оқытушы құрамы студенттермен тығыз қарым-қатынас орнатып, жүйелі түрде жұмыстар жүргізіп келеді.

Студенттер оқу және өндірістік тәжірибені Баянауыл ұлттық саябағы аумағында, қоршаған ортаны қорғау, жер және орман қорларын қорғау жөніндегі облыстық және қалалық комитеттерде, мұнай өңдеу және алюминий зауыттарының қоршаған ортаны қорғау зертханалары мен бөлімдерінде өтеді. Еңбек тәжірибесі барысында студенттер теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып, өз білімдерін нығайта алады.



мандарымен келісу негізінде жүзеге асады. Жобаларды немесе дипломдық жұмыстарды әзірлеу кезінде жаңа әдістер мен материалдарды жинау технологияларын қолданады.

Қазақстан ғылымын көтерсем деймін

Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультетіне өз қалауымен түстім. Біздің факультет еліміздің болашағына пайдасын тигізетін мамандықтарға толы. Мұнда мен білім алумен қатар, факультеттің қоғамдық өміріне де белсенді қатысып тұрамын. Атап айтар болсам: денсаулық күніне, студенттер күніне қатысып өзімді барынша көрсеттім. Сол мерекелерде байқағаным: біздің факультет өте ұйымшыл әрі шығармашыл. Мұнда көптеген дарынды да талапты жастар білім алуда. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, түрлі шараларда өзіміздің факультетті жоғары дәрежеде көрсете білдік. ХТЖФ-де әртүрлі мамандықтар, әртүрлі топтар бар. Бірақ, факультетіміздің студенттері бір топта оқитындай бір-бірімен өте жақсы араласатын, ұйымшыл жастар. Факультетіміздің студенттері болашақта химия мен биология саласында үлкен ғылыми жаңалықтар ашып кеткен ғалымдардың сара жолын жалғап, әлемді дүр сілкіндіретін жаңалықтарды Қазақстан ғылымына енгізеді деп ойлаймын. Мен өз басым осындай ұлы істерге ұмтылуды алдыма мақсат етіп қойып отырмын. Осы мақсатыма жету үшін көп еңбек етемін. Өзіммен қатарлас жастарға да осыны айтар едім.



Өсет Базарханов,
«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиялар» мамандығының 1 курс студенті.



Бетті дайындаған Мәдениет СҮЛЕЙМЕНОВ

*Единство – корень успеха,
раздоры – успеху помеха.*

Дәек сөз:

Ендігі жерде біз бөріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бөріміздің туған жеріміз біреу – ол жалпақ қазақ даласы.

Ең бастысы, тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы талай теперішті көрсе де, жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Міне, біздің басты байлығымыз – осы.

Н.А. Назарбаев



**АССАМБЛЕЯ
НАРОДА
КАЗАХСТАНА
ЕДИНСТВО – НАШ
СВЯЩЕННЫЙ СТЯГ**

*И счастье, и власть достаются не тем,
кто в раздорах, а кто в согласии вершит
всенародное дело.*

Н.А. Назарбаев



КООРДИНАЦИОННЫЙ СОВЕТ МОЛОДЕЖНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ АНК ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

**Председатель: Паули Элина Сергеевна
Зам. председателя: Смаилов Рамиль Русланович**

ЭКО	Лидер	Занятие для молодежи
Азербайджанское ЭКО	Гасимов Шахин Газанфар-оглы	Изучение азербайджанского языка, культуры, обычаев и традиций. Танцевальный коллектив «Одлар Юрду»
Армянское ЭКО	Маргарян Сергей Ашотович	Изучение армянского языка и истории, игра на музыкальном инструменте Дудук, Танцевальный коллектив «Наири», Вокальная группа «Эребуни»
Белорусское ЭКО	Кашемиров Максим Николаевич	Изучение белорусского языка и культуры, Танцевальный коллектив «Жаураначак» Вокальный ансамбль «Надзея»
Болгарское ЭКО	Вихристюк Ольга Вишиоровна	Курсы болгарского языка, истории, культуры, обычаев и традиций. Вокальная группа «Лазарки»
Греческое ЭКО	Кутанидди Карина Анатольевна	Греческий язык и культура. Секция прикладного искусства. Вокальная группа «Кардьос»
Еврейское ЭКО	Свечинская Татьяна Геннадьевна	Изучение еврейского языка и культуры
Киргизское ЭКО	Баткалова Салтанат Сериковна	Изучение языка, литературный клуб.
Кабардино-балкарское ЭКО	Жалба Кирилл Владимирович	Изучение языка и традиций. Хореографический коллектив «Алан»
Корейское ЭКО	Каленова Айгерим Амангельдиевна	Изучение корейского языка. Танцевальный коллектив «Аньен»
Немецкое ЭКО	Бартель Артур Витальевич	Изучение немецкого языка, обычаев и культуры, театральная студия, Вокальный ансамбль «Wir», Ансамбль народного танца «Paradies»
Польское ЭКО	Муравский Ян Викторович	Изучение языка и истории, Молодежный вокальный коллектив «Нарциз»
